

**Қазақстан Республикасы Парламенті 2001 жылғы 26 маусымда қабылдаған "Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкестілігі туралы**

Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің қаулысы 2001 жылғы 9 шілде N 12 /2

Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі, құрамында Төраға Ю.А.Хитрин, Кеңес мүшелері Ж.Д.Бұсырманов, А.К.Котов, Қ.Ә.Омарханов және В.Д.Шопин қатысқан өзінің ашық отырысында,

өтініш субъектісі - Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты В.И.Макалкиннің;

Қазақстан Республикасы Бас прокурорының орынбасары А.К.Дауылбаевтың;

Қазақстан Республикасының Әділет вице-министрі А.Н.Котловтың;

Қазақстан Республикасы Жер ресурстарын басқару жөніндегі агенттік төрағасының бірінші орынбасары А.П.Сизовтың;

Астана қаласы әкімінің бірінші орынбасары Ф.Х.Ғалимовтың қатысуымен,

Парламент 2001 жылғы 26 маусымда қабылдаған "Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкестілігі туралы Қазақстан Республикасы Парламенті бір топ депутаттарының өтінішін қарады.

Қолда бар материалдарды зерделеп, баяндамашы - Конституциялық Кеңестің мүшесі Ж.Д.Бұсырмановтың хабарын, отырысқа қатысушылардың сөздерін тыңдап шығып, Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі мынаны анықтады:

1. Конституциялық Кеңеске 2001 жылғы 2 шілдеде Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мақұлдаған және Қазақстан Республикасы Парламентінің Сенаты 2001 жылғы 26 маусымда қабылдаған "Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Z010227\_ Заңының 2-тармағы 1 ) тармақшасының Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкестілігі туралы Қазақстан Республикасы Парламенті бір топ депутаттарының өтініші келіп түсті.

Осы тармақша арқылы 1998 жылғы 20 мамырда қабылданған "Қазақстан Республикасы астанасының мәртебесі туралы" Z980230\_ Қазақстан Республикасы Заңының 3-бабы 4-тармағына толықтыру енгізілген болатын, оған сәйкес атқарушы органдар өз құзыреті шегінде "2-1) мемлекет қажеттері үшін жерлерді алу (сатып алу) туралы шешімдер қабылдайды. Бұл ретте жер учаскелерінің меншік иелері немесе мемлекеттік емес жер пайдаланушылар учаскелерді алудың (сатып алудың) алдында

Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен кем дегенде үш ай бұрын бұл туралы жазбаша түрде хабарландырылуға тиіс. Бұл, өтініш иесінің пікірінше, елдің басқа аймақтарының тұрғындарымен салыстырғанда астана тұрғындарының құқығын нашарлатады. Бұл қорытынды Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (бұдан әрі АК) К941000\_255-бабына және "Жер туралы" Z010152\_ Қазақстан Республикасы Заңының 67, 69, 70-баптарына сәйкес атқарушы орган Республиканың бүкіл аумағында мемлекет қажеттері үшін жерлерді алу (сатып алу) туралы меншік иесіне алудан бір жыл бұрын жазбаша түрде хабарлауға тиіс дегенге негізделген.

Осыған байланысты Парламент депутаттары Қазақстан Республикасы Парламенті 2001 жылғы 26 маусымда қабылдаған "Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Заңның 2-тармағы 1) тармақшасын заң алдында жұрттың бәрінің теңдігін бекітіп берген және тұрғылықты жеріне байланысты немесе кез келген өзге жағдаяттар бойынша ешкімді ешқандай кемсітуге жол бермейтін Қазақстан Республикасы Конституциясының К951000\_14-бабына сәйкес емес деп тану туралы өтініш жасады.

2. Республика Конституциясының нормаларын және қаралып отырған өтініш бойынша материалдарды талдай келіп, Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі мынаны ескерді.

Республика Конституциясының 14-бабы 1-тармағы заң мен сот алдында жұрттың бәрі тең деген ережесі адамдардың құқықтары мен міндеттерінің теңдігін, осы құқықтарды мемлекеттің тең қорғайтынын және әркімнің заң алдындағы тең жауапкершілігін белгілейді.

Республика Конституциясының 14-бабы 2-тармағы тұрғылықты жеріне байланысты немесе кез келген өзге жағдаяттар бойынша азаматтарды ешқандай кемсітуге тыйым салады.

Республика Конституциясының 26-бабы 2-тармағы тек екі негізгі шарт міндетті түрде сақталғанда ғана: а) мемлекет қажеттері үшін заңда көзделген ерекше жағдайларда; б) барабар өтем төленген кезде меншіктен айыруға жол береді. Конституциялық Кеңес өзінің 2000 жылғы 20 желтоқсандағы N 21/2 S000021\_ қаулысында нақ осы жағдайларға назар аударған болатын. Оның үстіне, Конституция "мемлекет қажеттері", "ерекше жағдайлар", "барабар өтем төлеу" ұғымдарының мазмұнын анықтамайды. Бұл міндетті ол заңдарға жүктейді.

Қолданылып жүрген азаматтық заңдар жеке меншік құқығын тоқтату негізін белгілегенде жеке меншік құқығы тек меншік иесінің еркімен ғана тоқтатылады деген негізге алынатын принципті ұстанады. Жазалау негізінде меншік иесінен мүлікті мәжбүрлеп алуға тек АК-тің 249-бабында көзделген айрықша жағдайларда ғана жол беріледі, АК-тің 255-бабы 1-тармағында меншік иесінің меншігіндегі үйі, басқа да ғимараттары, құрылыстары немесе көшеттері бар жер учаскесін алуға байланысты жылжымайтын мүлікке меншік құқығын тоқтату тек заң актілері белгілеген жағдайлар

мен тәртіппен, меншік иесінің мүлкіне барабар мүлік беру және оның шеккен басқа залалдарын өтеу немесе жеке меншік құқығының тоқтатылуына байланысты оның шеккен залалын толық көлемде өтеу арқылы жол беріледі. Жеке меншік құқығының тоқтатылуына әкеп соққан мемлекеттік органның шешімімен меншік иесі келіспеген жағдайда дау сот тәртібімен шешілгенге дейін ол шешім жүзеге асырылуға тиіс емес ( АҚ-тің 255-бабы 2-тармағы).

2001 жылғы 24 қаңтарда қабылданған "Жер туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жергілікті атқарушы органдар мемлекет қажеті үшін жерлерді ала алады (сатып ала алады) (14-бап). Бұл ретте олар меншік иесіне, жер пайдаланушыға сатып алудан бір жыл бұрын (67-баптың 2-тармағы) жазбаша түрде хабарлауға тиіс. Егерде меншік иесі оның жер учаскесін мемлекет қажеті үшін сатып алу туралы шешіммен келіспесе, не сатылып алынатын жер учаскесінің бағасы туралы немесе сатып алудың басқа шарттары туралы келісімге келе алмаса, сатып алу туралы шешім қабылдаған мемлекеттік орган жер учаскесін сатып алу туралы сотқа талап арыз бере алады. Мұндай талап арыз бір жыл ішінде берілуі мүмкін, бірақ меншік иесіне хабарлама жіберілгеннен кейін екі жылдан кешіктірілмеуге тиіс (70-бап).

Парламент "Жер туралы" Z010152\_ Заңның 67-бабы 2-тармағының бірінші және екінші сөйлемдеріне және 70-баптың екінші бөлігіне бір мезгілде толықтырулар ("егер Қазақстан Республикасының заң актілерінде өзгеше көзделмесе" деген сөздер) енгізді, бұл "Жер туралы" және "Қазақстан Республикасы астанасының мәртебесі туралы" заңдардың арасында туындайтын қайшылықтарды жояды.

3. Конституцияның 61-бабы 3-тармағына сәйкес "Парламент аса маңызды қоғамдық қатынастарды реттейтін мыналарға: 1) жеке және заңды тұлғалардың субъектілігіне азаматтардың құқықтары мен бостандықтарына, жеке және заңды тұлғалардың міндеттемелері мен жауапкершілігіне; 2) меншік режиміне және өзге де мүліктік құқықтарға қатысты негізгі принциптер мен нормаларды белгілейтін заңдар шығаруға хақылы;". Сондықтан, Парламенттің қалыптасқан жағдайлар мен тиімділікке орай жаңа құқықтық нормалар белгілеуге, оның ішінде - дәйім өзгеріп отыратын және серпінді қоғамдық қатынастардағы құқықтық реттеудегі кемшіліктерді жоюға құқығы бар ( Конституциялық Кеңестің 1999 жылғы 10 наурыздағы N 2/2 S990002\_ қаулысы).

Мемлекет қажеттері үшін жерлерді алу (сатып алу) мәселелері бойынша Парламент қабылдаған "Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Z010227\_ Заң Қазақстан Республикасы астанасының жедел де серпінді дамуы үшін үй құрылыстары мен шаруашылық құрылыстарына пайдаланылып келген едәуір аумақтарды игеруге байланысты қатынастарды құқықтық реттеуге оны салудың бас жоспарын тиімді орындауға, тиісті желілерімен және коммуникацияларымен үйлерді және ғимараттарды тұрғызуға бағытталған. Еліміздің жаңа астанасын жайластыру - бұл мемлекетіміздің беделі мен абыройына тікелей қатысы бар аса маңызды мемлекеттік және жалпыұлттық міндет.

Жер - ұлт игілігі, сондықтан да ол меншіктің ерекше объектісі болып табылады және мемлекеттің қорғауында болады. Республика Конституциясының 6-бабы 2 және 3 -тармақтарында меншік міндет жүктейді, оны пайдалану сонымен қатар қоғам игілігіне де қызмет етуге тиіс деп белгіленген. Меншік субъектілері мен объектілері, меншік иелерінің өз құқықтарын жүзеге асыру көлемі мен шектері, оларды қорғау кепілдіктері заңмен анықталады, ал жерге мемлекеттік меншіктің де, жеке меншіктің де негіздері, шарттары және шектері заңмен белгіленеді. Сондықтан да мемлекет Конституция белгілеген тәртіппен осы шектерді анықтауға құқылы.

4. Сонымен, мемлекет қажеттері үшін жер учаскесін алатыны (сатып алатыны) туралы меншік иесіне жазбаша түрде хабарлауға үш ай мерзім белгілейтін "Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Заңның 2-тармағының 1) тармақшасы Қазақстан Республикасы Конституциясының нормаларына мына негіздер бойынша қайшы келмейді:

бұл норманы мемлекеттің жоғары органы өзінің конституциялық өкілеттіктеріне сәйкес қабылдаған Қазақстан Республикасының заңымен белгілеген;

ол заң мен сот алдында жұрттың бәрі бірдей деген конституциялық принциптерді бұзбайды, өйткені меншік иелері мен жер пайдаланушылар үшін басқа құқықтық режим белгілемейді, олардың билік ету, иелену және пайдалану нысандарында іске асырылатын құқықтылығына нұқсан келтірмейді. Қабылданған заң адамдардың құқықтары мен міндеттерін, осы құқықтарды мемлекеттің тең қорғауын және азаматтардың заң алдындағы тең жауапкершілігін шектемейді. Жерді сатып алуды жүзеге асырушы меншік иесі де, уәкілетті орган да өз құқықтарын сотта қорғау мүмкіндігінен айырылмайды. Хабарлаудың үш айлық мерзімі меншік иесінің жерге құқықтарына және оларды қорғау кепілдіктеріне қол сұқпайтын және олардан айырмайтын жаңа уақытша параметрлер белгілейді;

көзделген хабарлау мерзімі тұрғылықты жері бойынша кемсіту болып табылмайды, өйткені астанада тұрған-тұрмағанына қарамастан жер учаскелері бар және жер учаскелерінің меншік иелері бола алатын азаматтар үшін тең дәрежеде міндетті;

тұрғын үйдің нарықтық құны мөлшеріндегі өтем мен меншігіне берілетін жайлы тұрғынжай арасындағы меншік иесінің таңдау құқығы сақталады;

жер учаскелерін алдағы алу туралы меншік иелерін, жер пайдаланушыларды хабарлаудың жаңа мерзімі мемлекет қажеттері үшін алу тәртібін, олардың тең өтемін, жазбаша хабарлау нысанын және дауды сот тәртібімен шешуді өзгертпейді;

"Жер туралы" Заңның нормаларынан туындаған қайшылықтар Парламенттің 67-баптың 2-тармағының бірінші және екінші сөйлемдеріне және 70-баптың екінші бөлігіне ("егер Қазақстан Республикасының заң актілерінде өзгеше көзделмесе" деген сөздер) өзгеріс енгізуі арқылы алып тасталды.

Баяндалғандардың негізінде, Қазақстан Республикасы Конституциясының 72-бабы 1-тармағының 2) тармақшасын, Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан

Республикасының Конституциялық Кеңесі туралы" U952737\_ конституциялық заң күші бар Жарлығының 32, 33, 37 және 41-баптарын басшылыққа алып, Конституциялық Кеңес қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Парламенті 2001 жылғы 26 маусымда қабылдаған " Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 2-тармағы 1) тармақшасы Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес деп танылсын.

2. Қазақстан Республикасы Конституциясының 74-бабы 3-тармағына сәйкес

қаулы оны қабылдаған күннен бастап күшіне енеді, Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында жалпыға бірдей міндетті, түпкілікті болып табылады және Қазақстан Республикасы Конституциясының К951000\_

73-бабы 4-тармағында көзделген жағдайды ескеріп, шағымдануға жатпайды.

3. Осы қаулы республикалық ресми басылымдарда қазақ және орыс тілдерінде жариялансын.

Қазақстан Республикасы  
Конституциялық Кеңесінің  
Төрағасы

Мамандар:

Қасымбеков Б.А.

Жұманазарова А.Б.